

Сайрам ауданы, Жібек жолы ауылындағы атауы жоқ көшеге Асан Алсеитовтың есімін беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Жібек-Жолы ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 6 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 7 сәуірде № 3695 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халық пікірін ескере отырып және Оңтүстік Қазақстан облысы ономастика комиссиясының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сайрам ауданы, Жібек жолы ауылының атауы жоқ көшесіне Асан Алсеитовтың есімі берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

А. Курманбеков